

А. БАЙТУРСЫНОВ - ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ РЕФОРМАТОРЫ

Бекенқызы А., Кенжеғалиева М., филология білім беру бағдарламасының 2-курс студенттері

Ғылыми жетекшісі: Сарбасова Қ.Б., ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: aigerimbekenkyzy02@gmail.com

Мақалада «қазақ жазуының реформаторы» А.Байтұрсыновтың қазақ жазуын, қазақ әліпбиін қалыптастырудағы ролі көрсетіледі. А.Байтұрсыновтың өз кезінде «төте жазу» аталған әліпбиінің ерекшеліктері сипатталады.

Тірек сөздер: қазақ жазуының реформаторы, төте жазу, ұлттық қазақ жазуы.

В статье рассматривается роль «реформатора казахской письменности» А.Байтұрсынова в становлении казахской письменности, казахского алфавита. Описаны особенности алфавита А. Байтұрсынова, который в его время называли «төте жазу».

Ключевые слова реформатор казахской письменности, национальное казахское письмо, «төте жазу».

The article discusses the role of the "reformer of Kazakh writing" A. Baitursynov in the development of Kazakh writing, the Kazakh alphabet. The features of the alphabet of A. Baitursynov, which in his time was called "tote zhazu", are described.

Key words: reformer of Kazakh writing, national Kazakh writing, "tote zhazu".

Ахмет Байтұрсынұлы «қазақ тіл білімінің көшбасшысы», «ғасыр саңылағы», «қазақ тіл білімінің атасы», «қазақ жазуының реформаторы», «қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының негізін салушы», «қазақ халқының рухани көсемі», «ұлтымыздың ар-ожданы» сияқты құрметке өзінің жанкешті еңбегі, халқына деген сүйіспеншілігі арқылы ие болды деп білеміз.

Ахмет Байтұрсынұлы – өзінің бүкіл саналы өмірін қазақ халқының сауатын ашуға, сол ұлы істі жүзеге асыру үшін қажетті дүние - жазу мәселесіне, атап айтқанда, қазақ тіліндегі дыбыстар жүйесін арнайы зерттеп, қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен айналысып, қазақ тілі ғылымын дамытқан ірі ғұлама.

Ғалым қазақ қоғамының, ғылымы мен мәдениеттің өркендеуі жазу негізінде жүзеге асатынын ерте түсініп, сауатсыздықты жою үшін әріп, оқулық мәселесін кезек күттірмейтін мәселе деп қарайды. «Ұлттың сақталуына да жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. ...Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда, тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек» [1] деген идеясын іске асыру мақсатында қазақтың аса зәру мәселесі қазақ әліпбиінің таңбасын жасауды қолға алады. Нәтижесінде 1910 жылдан бастап, араб жазуының қазақ тілі үшін қолайлы емес жақтарын түзеп, оны тілдің дыбыстық ерекшеліктеріне сай етіп, сингармониялық ұлттық әліпби түзеді. Ғалымның реформалауынан кейінгі араб жазуын бүкіл түркі жұрты ұлттық жазу жүйесі деп таниды. Өз кезінде «төте жазу» аталған бұл әліпбиін, жазу жүйесін қазіргі таңда ұлттық қазақ жазуы деп атаймыз.

«Араб әліппесі қазақ арасына дінмен бірге жайылған. Дінмен байланысқан әліппені тастап, қазаққа басқа әліппе алдыру қиын жұмыс. Бұлай болған соң, араб харіптерін қазақ дыбыстарына жеткізу амалын табу керек» деді. А.Байтұрсынұлы әліпбиінде 24 әріп, 1 дәйекше болды. Ал дыбыстың саны, ғалымның өзі айтқандай – 43. Графеманың бесеуі

(а, о, ұ, ы, е) дауыстының, 17-і (б, п, т, ж, ш, д, р, з, с, ғ, қ, к, г, ң, л, м, н) дауыссыздың, 2-і (у, й) жарты дауыстының таңбасы. Ал фонеманың 9-ы (а, ә, о, ө, ұ, ү, ы, і, е) дауысты, 34-і (б, б', д, д', п, п', т, т', ж, ж', ш, ш', р, р', з, з', с, с', ғ, қ, к, г, ң, ң', л, л', м, м', н, н', у, у', й, й') дауыссыз. Сөйтіп, ғалым тіл дыбыстарын бір жарым есе аз әріп таңбаға сыйдырып, өз кезеңінде ең үнемді әліпби түрін жасады [2,188б]. А.Байтұрсынұлы әліпбиінің ерекшелігі де осында еді. Төте жазудың ең басты ерекшелігі мыналар еді:

- қазақ тіліне сәйкес келмейтін басы артық әріптерді әліпби құрамынан алып тастады.
- араб жазу заңдылығына тән диакритикалық белгілер қолданылмады.
- дауыстылар жүйесі қазақ тілінің үндестік заңына сәйкес таңбаланды.
- араб графикасы негізінде жасалған жаңа әріптерді енгізген.

«Емле – жазу үшін шығарған нәрсе. Олай болса, тілді бұзып емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлай керек» деген тұжырым жасағанын байқаймыз.

1919- жылы А.Самойлович «Литература Востока» атты басылымда «Литература турецких народов» (Түрік халықтарының әдебиеті) деген мақаласында «...Он-реформатор орфографии казахского языка, основоположник его грамматики и основатель теории казахской литературы» - дейді. Яғни, Ахметті қазақ тілі орфографиясының реформаторы,қазақ грамматикасы және қазақ әдебиеті теориясының негізін қалаушы деп нақты баға берді [3,78б]. 1924- жылы Е.Поливанов Ташкенттің «Бюллетень Среднеазиатского государственного университета» атты жетінші басылымында Қазақ жазуы (орфография) мен таңбасының таласты мәселелері тақырыбы аясында Қазақ әліпбиіне «Байтұрсуновская графика» деген атау беріп,осы жаңа емле туралы: «... эту последнюю форму,которую приняла казах-киргизская графика в 1924 году, (...) считаю уже не нуждающейся в исправлениях и представляющей последний шаг в историческом формировании национальнойграфики,которым с полным правом могут гордиться киргизские деятели просвещения – создатели реформы как крупным культурным завоеванием» деп, тарих алдында әділетті бағалады [3,53б]. Яғни,әліпби таңдаудағы Ахметтің «төте жазуын» ұлттық таңбаның тарихи қалыптасуындағы ең ірі мәдени жетістікке теңеді. Орыс ғалымының «...енді түзетуді қажет етпейтін, тарихи тұрғыдан алғанда кемелденген, жетілген ұлттық графика» - деген ғылыми мәлімдемесі қазақтың жаңа қалыптасқан ұлттық ғылымына зор мақтаныш әкелді. Ал тұлғаның замандастары: «... Ақаң түрлеген ана тілі», «...Жаңа алфавит тіліміздің таза сақталуына, ...әлемдік мәдениетпен арасалуға, ...халық мектептерінің өркендеу жолына алып адым жасады» «Қазақ әліпбиі» мен «Қазақ тілінің дыбыс және сөз жүйесі атты оқулықтарының өн бойына сыйғызған өзекті өзгерістерінің өзі қазақ грамматикасына бөлекше реңк әкелді» деді .Олар сол тұста-ақ Ахаң әліпбиінің жұртшылық тарапынан зор қошаметке бөленгенін айтып, жабыла ақпарат беттерінде жарыса жазды. Тіпті, осы төте жазуды негізге ала отырып, көрші елдердің қырғыз, әзірбайжандар тағы-тағғы басқалардың «тіл көшін» түзегені тарихтан белгілі [4, 59б]. Шын мәнісінде, Ахмет әр тілдің жетегінде жүрген қазақ жұртының төл жазуы - Әліпбиінің таңбасын түрлеп қана қойған жоқ оны бастауыш мектептің сыныбында қалай оқытып, қалай үйретудің әдіс-тәсілдері қарастырылған арнайы оқулықтарды жазып шығарды. Сонымен қатар, оқытушыларға ауадай қажетті көмекші нұсқаулықтарды да жазды.Осылайша, қазақы танымдағы оқулықтар тұңғыш рет ғылыми жүйеленіп, қазақ тіл білімінің негізі болып қаланды [4, 60б].

Саналы ғұмырын қазақ жұртының жұмыстарына жұмсаған,ұлт мүддесін ұлықтау мақсатында білімнің шыңына шыққан ақиық Ахмет,пайғамбар жасына қараған шағында тоталитарлық жүйенің құрбаны болды. Күрескер түрмеде отырып та замандастары айтқандай, «тізесін үстел ғып», қаламының қарымын тартпай соңғы демі үзілгенше, езілген елінің қамын жеп, ой толғаған [4, 101б].

А.Байтұрсынов реформалаған араб жазуы өз кезеңінде қазақ мәдени дүниесінде үлкен роль атқарған, қалың көпшілікті жаппай сауаттандыру ісіне, жазба дүниелердің дамуына, баспа жұмысының жандануына игілікті, қызмет еткен, прогрессивтік құбылыс болды.

Біз, авторлар, алғашқы тырнақалды еңбегімізді ағартушы, ғалым, публицист, Алаш партиясының беделді өкілі, тіл білімі мен қазақ терминологиясының негізін қалаушы «ұлт ұстазы» А. Байтұрсынов сынды данагөй бабамыздың рухына арнадық.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Байтұрсынұлы А. Орынбор әм 10 пеурал // Қазақ №1 10.02. 1914.
2. Күдерінова К. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы. Алматы, 2013. -194б
3. Ұлттық рухтың ұлы тіні. Ғылыми мақалалар жинағы. –Алматы: Ғылым, 1999. -568б
4. Имаханбетова Р. Ғасыр саңылағы: А.Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны. Астана, 2010. -304б

ӘОЖ 949574 (075.8)

<https://doi.org/10.53355/q5483-6073-7430-p>

АХМЕТ БАЙТУРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ БОЛАШАҒЫ

Берлібаев Б.Т., т.ғ.д., профессор

Ғ.Дәукеев атындағы АЭЖБУ-дағы Әлеуметтік пәндер кафедрасы, Алматы қ.

E-mail: b.berlibayev@aues.kz

Автор, өзінің мақаласында Ахмет Байтұрсыновтың қазақ тілін дамытудағы оқыту әдістемесін негіздеуші ретіндегі, қазақ мектебі тарихында тұңғыш рет білім беру ісіндегі әліппені қолдануды дәлелдеудегі және қазақ тілін әрлей отырып, оны тұрмыста қолданудағы арап харпін пайдаланудың қазақ халқының сауатын ашудағы маңызына арқа сүйеген Абайдың қазақ тілін қазақ қоғамына тән етіп, одан әрі дамытудағы рөлін түсінудегі, сондай-ақ сол арап жазуының өзіндік орнына көңіл бөлудегі тарихи шынайы ерекшелігіне үлкен ыждағаттылықпен қарағанын дәлелтеуге ұмтылған.

Ахмет Байтұрсынов Қазақстанның даму болашағы үшін қазақ тілін сақтау мен дамытуға шақырса, бұл бүгінгі таңдағы көкейкесті мәселенің бірі болып отыр.

Тірек сөздер: қазақ тілі, тарихи білім, Алаш, жеті ата, ауыл, «қаралы қаңтар», қала ауласы, болашақ.

Автор в своей статье убедительно доказывает, что Ахмет Байтұрсынов - основоположник методики преподавания казахского языка, впервые на практике казахской школы, применивший буквенный метод обучения грамоте, в свое время акцентировал внимание на важность развития казахского языка, при этом отмечал, что успешность развития казахского языка возможно при опоре на арабский алфавит, для большей убедительности он показывает роль Абая в развитии казахского языка, который писал свои произведения на арабском языке.

Ахмет Байтұрсынов призывал сохранить и развить казахский язык, его идея очень злободневна в период развития современного суверенного казахстанского общества.

Ключевые слова: казахский язык, историческое образование, семь предков, «кровавый январь», городской двор, будущее.

Akhmet Baitursynov and the future of the Kazakh language. The author of his article convincingly proves that Akhmet Baitursynov, the founder of the methodology of teaching the Kazakh language, who for the first time in the practice of the Kazakh school applied the letter method of teaching literacy, at one time focused on the importance of the development of the Kazakh language, while noting that the success of the development of the Kazakh language is possible with based on the Arabic alphabet, for greater persuasiveness, he shows the role of Abai in the development of the Kazakh language, who wrote his works in Arabic.